**Автор**: САГИДУЛЛИНА ДАРИГУЛЬ САИНОВНА
**Пән**: Алгебра
**Сынып**: 9-сынып
**Бөлім**: Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері
**Тақырып**: Ықтималдықтар теориясының негіздері

---

| | |
|---|---|
| 9.3.2.4 | Ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(6 минут) | апарпа<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>**Топқа бөлу**/ тиынның елтаңба жағы, тиынның сан жағы суреттерімен/ 2 топқа бөлінеді. **Топтық жұмыс**. ***«Ойлан,бірік,бөліс»әдісі.***<br>1-топ. оқиға түрлерін атау.<br>2-топ. жиілік, ықтималдықтың классикалық анықтамаларын айту.<br>***«Қарлы кесек» әдісі.***/шашыраған сөздерден сөйлем құрау/<br><br>***«Жасырын код» әдісі.*** /ашық сұрақтар қою арқылы сандар шығару/<br>-барлығы неше кеспе? 9<br>-осы санның бөлгіштер саны нешеу? 3<br>-осы екі санның айырмасын 3 есе кеміт. 2<br>-шыққан сөйлем неше сөзден тұрады? 4<br>Осы жерде сабақтың оқу мақсаты ашылады.<br><br>**Бағалау**- үш шапалақ бойынша.<br>Барлығын дұрыс орындаса- 3шапалақ,<br>Екі тапсырма дұрыс орындаса-2 шапалақ,<br>Бір тапсырма дұрыс орындаса-1 шапалақ.<br>**Саралау** - жіктеу тәсілі бойынша. | Топқа бөлу:<br>5dcf896e8d2d.png Image not found or type unknown<br>5dcf8a904f28.png Image not found or type unknown<br>"Қарлы кесек"<br>5dcf93d3af77.png Image not found or type unknown |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (31 минут) | **1.Сыныппен жұмыс:** ***«Денотатты граф» әдісі.***<br>/ Интернет желісінен алынған статистикалық ықтималдық туралы мәтін беріледі/<br><br>***«INSERT» әдісі.***<br>Дәптерлеріңе керекті анықтаманы, формуланы жазады.<br>**Бағалау-** «Бір минут» әдісінде ынталандыру сөздері: «жарайсың!», «жақсы», «талпын».<br>**Саралау-** дереккөздер тәсілі бойынша.<br>**2.Жұптық жұмыс.** ***«Көршіңізге айтыңыз!» әдісі.***<br>/оқушылардың өз ойларын білдіруі үшін қолданылады/<br>**Практикалық тапсырма:**<br>1.Бір тиын екі рет лақтырылды. Ең болмаса бір рет «елтаңба» түсуінің ықтималдығын табыңдар.<br>2. Үш тиын лақтырылды. Екі «елтаңба» түсуінің ықтималдығын табыңдар.<br>**Бағалау-** өзара және өзін-өзі бағалау «Құстұмсық» әдісі бойынша.<br>**Саралау**-диалог және қолдау көрсету тәсілі бойынша. 5dccfa79f356b.png<br><br>Қолдау көрсету үшін формуланы беру: Image not found or type unknown<br><br>**3.Жеке жұмыс.** ***Қалыптастырушы бағалау***.<br>Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы статистикалық мәліметі бойынша 500 туылған балалардың 240 қыз бала. Қыз балалардың тууының жиілігін табыңыз.<br>**Дескриптор:**<br>-абсолюттік жиілік пен эксперимент санын ажыратады,<br>-оқиғаның жиілігін табады.<br>**Бағалау**- «+», «-» әдісі бойынша.<br>**Саралау**- қарқын тәсілі бойынша.<br>**Қосымша тапсырма**: (-1;6) интервалынан бүтін сан кездейсоқ таңдалады. Осы сан x3 -5x2+x=0 теңдеуінің түбірі болуының ықтималдығын табыңдар.<br>**4.Сыныппен жұмыс.** ***Венн диаграммасы*** /салыстыру, салғастыру органайзері/.<br>Классикалық Статистикалық<br>ықтималдық<br>5dccfae8005bd.png<br><br>Image not found or type unknown<br>**Бағалау-** топтық бағалау. ***«Стикер» әдісі.***<br>Көк түс- келісемін. Қызыл түс- келіспеймін.<br>1 топ мүшелері 2 топ мүшелерін бағалайды. 2 топ мүшелері 1 топ мүшелерін бағалайды.<br>**Саралау-** қорытынды тәсілі бойынша | АКТ /ноутбук/<br>http://g.engime.org/kombinatorika-itimaldi-jene-statistika.html?page=24 |
| Сабақтың соңы (3 минут) | **Үйге тапсырма:** Ықтималдықтар теориясы бойынша қысқаша ғалым-математиктер туралы Хабарлама дайындаңдар.<br>**Кері байланыс.** ***«Тазалық» әдісі.*** | 5dccfb68b5026.jpg<br><br>Image not found or type unknown |